

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**

<b>Білім беру ұйымы</b> (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Қуралай» жекеменшік балабақшасы				
<b>Топ/сынып</b>	Ортаңғы топ				
<b>Тобы, топтың реттік саны, атауы</b>	Балдаурен				
<b>Балалардың жасы</b>	3 жасар балалар				
<b>Педагогтің аты-жөні</b>	Сергазина Нургуль				
<b>Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)</b>	01.05-05.05.2023ж.				
<b>Апта күндері</b>	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Күн тәртібі</b>					
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен</b>	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				

<p>әңгімелесу, кеңес беру</p>					
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>		<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту.</p>	<p><b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсаты. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.</p>
		<p><b>"Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны.</b> Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы: педагог сөйлемді бастайды. Мысалы,</p>	<p><b>"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы.</b> - Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді. - Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді. - Дауылпаз</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары". Мақсат-міндеттер. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы</p>	<p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Шерудегі көліктер". Мақсат-міндеттер. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын</p>

		<p>"Менің жылы тонды киген себебім,..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді әзірлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,...", "Қолшатыр алған, себебіміз..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</b></p>	<p>дабылдап, - Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)</p> <p>- Дауылпаз дабылдап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</p> <p>Дабыл-дап, дабыл-дап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</p> <p>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады. <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p>мағлұматтарды беру.</p>	<p>игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру.</p>
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығуы.				

	<p>"Зырылдауық" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.</li> <li>- қолды екі жаққа созу.</li> <li>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту.</li> <li>- қолды екі жаққа созу.</li> <li>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу.</li> <li>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.</li> </ul> <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.</li> <li>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.</li> <li>3-4- бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> <p>"Сипаттаймыз" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.</li> <li>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.</li> <li>- 4-5 рет еркін тыныс алу.</li> </ul> <p>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).</li> <li>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау.</li> <li>- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.</li> </ul> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p>

	<p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін  Сен есіңнен шығарма.  Арқанды түзу ұста,  Жан-жағыңа қарама.  Асыңды ішіп болған соң,  "Рақмет!" айт аспазға.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>		<p><b>Шаттық шеңбері</b>  Мақсат-міндеттер.  Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  "Күлімдейміз</p>	<p><b>«Түрлі - түсті гүлдер»</b>  Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту.  Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер.  Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады.  Ойынның бірінші</p>	<p><b>«Әдепті сөздер шеңбері»</b>  Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу.  Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.  <b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбері</b>  Мақсат-міндеттер.  Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.  Көңілде көп қуаныш,</p>

		<p>күндей."</p> <p>Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p>нұсқасы:</p> <p>Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді.</p> <p>Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті</p>		<p>Әр көңілде жақсы үміт.</p> <p>Келетін жылға мың алғыс,</p> <p>Әкелген көп жақсылақ.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>
--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		<p>ұнағанын талқылауға болады.</p> <p>Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді.</p> <p>Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</b></p>		
--	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>		<p><b>Дене шынықтыру</b> "Барабан дабылы". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.</p>	<p><b>Музыка</b> "Дауылпаз дабылы". Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Соқ, барабан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> «Жердің көркі - гүл». Гүлдер әлемінде. Мақсат-міндеттер. Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, табиғаттың сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жауаптарында жаңа сөздерді қолдана білуді үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдануға дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту. Суреттерде және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, сабақ тақырыбы бойынша</p>
-----------------------------------------------------------------------------	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

			қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; кол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.		қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтауды, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Халық ауыз әдебиетіне қызығушылықтарын арттыру, тапқырлыққа, шапшаңдыққа табиғатқа қамқорлық сезімдеріне баулу.
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Серуен</b>		<b>Шыршаны қарағаймен салыстыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты	<b>Бақтағы еңбек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды	<b>Гүл бақшасын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: гүл бақшасы туралы білімдерін бекіту; гүлзарға күтім жасау,	<b>Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттер: ағаштың құрылымы туралы білімдерін бекіту;

		<p>ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ауланы тазалау). <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-біріне көмектесуге үйрету.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Торғайлар", "Пойыз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге,</p>	<p>қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету.</p> <p><b>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (бақшадағы жұмыс). <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Жапалақ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға</p>	<p>оны дайындау тілегін тәрбиелеу гүл көшеттерін отырғызу.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (аумақты тазарту бойынша ұжымдық жұмыс). <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Ұйқыдағы түлкі", "Допты көрсет". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру, лақтыру және допты ұстау жаттығулары.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p>	<p>мамырдағы табиғаттың өзгеруі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары</b> (ескі жапырақтарды, шөптерді сыпырғышпен жинау). <b>(еңбек дағдылары)</b> Мақсат-міндеттер: еңбекке деген ұмтылысын, негізгі еңбек жұмыстарын орындау қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойындары:</b> "Қояндар", "Тауықтар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алаңда екі аяқпен секіруді үйрету, белгі бойынша иіліп, өз</p>
--	--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

		<p>шашыраңқы жүгіруге жаттығу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p><b>қозғалыстарды дамыту:</b> "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері.</p>	<p>үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p><b>қозғалыстарды дамыту,</b> белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру.</p>	<p><b>қозғалыстарды дамыту:</b> "Құстардың ұшуы". (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; белгілі бір бағытта қозғалу.</p>	<p>орнын табу.</p> <p><b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері,</b></p> <p><b>қозғалыстарды дамыту:</b> бір қатарға қойылған түйреуіштер арасында "жылан" сияқты жүгіру; басына құм салынған дорбаны көтеріп, бөренемен жүгіру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: олардың арасында жүгіру кезінде түйреуіштерге қол тигізбеуге үйрету; шапшаңдықты, ептілікті, тепе-теңдікті дамыту.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны,</p>				

	<p>майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Ас ішудің мәдениетін  Сен есіңнен шығарма.  Арқанды түзу ұста,  Жан-жағыңа қарама.  Асыңды ішіп болған соң,  "Рақмет!" айт аспазға.</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
<b>Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары</b>	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар.</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				
<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Әскери көлік"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Күн шуағы".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың табиғат құбылыстарын байқау арқылы көзбен қабылдау мен фонематикалық есту</p>	<p><b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b></p> <p>"Жауынгерлер сапқа тұрды".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b></p> <p>"Әскер".</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен</p>

		жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету.	қабілетін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және ойлауын дамыту.	көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.	таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>		<b>Ритмикалық жаттығу</b>	<b>"Бейбітшілік қорғанында"</b>	<b>Музыкадан ойын-жаттығу</b>	<b>"Әскер киімін ажырат"</b>

		<p>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. <b>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>тақырыбында суреттер қарастыру.</b> Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді. <b>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)</b></p>	<p>"Жеңіс күнін тойлаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.</p>	<p><b>дидактикалық ойыны.</b> Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз. - Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіндер. Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына</p>
--	--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

					бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді. <b>(қоршаған ортамен таныстыру)</b>
<b>Серуенге дайындық</b>	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.				
<b>Серуен</b>	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Балалардың дербес әрекеті</b> (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (бейбітшілік қорғанында, табиғаттың гүлденуі, көктемгі егістік, жаз мезгілі) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. <b>(музыка)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.</p> <p>Өнер бұрышында аңдардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.</p>				

	<p><b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b>          Мақсат-міндеттер. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> <p>Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. <b>(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</b></p> <p>Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. <b>(математика негіздері)</b></p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>				
<p><b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)</p>		<p>"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Өрт қауіпсіздігі".</p>	<p>Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы озбыр мінез-құлықтың бастаулары".</p>

Тексерген: Оразғалиева Г.Б.

